


Бекітемін:

**«31» тамыз 2021 жылы №1 хаттама
педагогикалық кеңес шешімімен**

ЖК «Жаса» «Ай-Жұлдыз»

бөбекжай-бақшасының меңгерушісі

Назарбаева С.Т. _____



2021-2022 оқу жылының

«Қарылғаш» мектепалды даярлық топ балаларына арналған

«Қызықты математика» вариативтік компонент

ЖОСПАРЫ

Түсіндірме жазба

5 жас мектепке дейінгі балалардың танымын дамытудың жаңа сатысы болып табылады. Бұл жаста балалардың танымдық жүйесі белсенді түрде дамиды. Қазіргі заманға сай білім беру жүйесінің басым бағыттарындағы өзгерістер-кабілетті және танымашыл өз бетінше әрекет ететін бастамашыл өз мүмкіндігін біліп, өз ойын іске асыра алатын жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесін мақсат етіп қойып отыр. Бұл мақсаттар мектепке дейінгі тәрбие және білім беру стандартында белгіленген. Педагогтің шығармашылық жұмысы және тәрбиеші осы тәрізді құжаттарға қойылатын талаптарға сүйене отырып, бағдарламадағы өз бөлігін мазмұнды толықтырырады және құрылымын ерікті тандайды. Қазіргі қоғам жас ұрпаққа білім беру жүйесіне, оның ішінде оның бірінші сатысы – мектепке дейінгі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қояды.

Мектепке дейінгі білім беру вариативтігі және ізгілік қағидалары өмірге енді. Балабақшаларға арналған көптеген жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламалары пайда болды. Вариативтік білім беру – Қазақстандағы қазіргі білім беру жүйесін дамытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарының бірі.

Осы орайда балабақшамызда тәрбиешілердің шығармашылығымен жасақталған мектепалды топ тәрбиеленушілеріне «Қызықты математика» атты вариативті бөліміне жоспар (**36 сағат**) құрылды.

Мақсаты- баланың математика негіздері бойынша игерген білімдерін бекіту, жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге, ақпаратты күнделікті өмірлік мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Заттардың әр-түрлі топтарын санау, оның саны мен сапасын анықтау дағдысын жетілдіру;
- Кеңістікті, уақытты қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын жетілдіру;
- Геометриялық пішіндер мен денелер, өлшемдер туралы түсініктерін кеңейту;
- Қызықты тапсырмалар арқылы алған білімдерін қайталау, бекіту;
- Алған білімдері мен іскерліктерін күнделікті өмірде қолдану.

Күтілетін нәтиже:

- көп элемент бір заттан, сонымен қатар тұтас топтан құралатыны туралы;
- жиынның құрамдас бөліктерін бөліп көрсетуді, жұп құру және санау негізінде бөліктерді салыстыруды;
- қарапайым мысалдар мен тапсырмалар орындауды;
- заттарды бүтін бөлікке бөлуді, бүтін мен бөліктерді салыстыруды;

- түрлі көлемдегі заттарды өсу (кему) мөлшері ретімен салыстыруды;
- көлеміне байланысты екі затты шартты өлшем көмегімен салыстыруды;
- геометриялық пішіндерді (шеңбер, шаршы, үшбұрыш, төртбұрыш, тіктөртбұрыш, сопақша, көпбұрыш) және денелерді (шар, куб, цилиндр, пирамида) атауды және оларды бір-бірінен ажыратуды;
- жақын айналадағы геометриялық пішіндегі заттарды тауып, олардың пішіндерін талдауды;
- түрлі жағдайларды ретімен орналастыруды, тәулік бөліктерін, апта күндерін, жыл айларын;
- заттарды өсу мен кему ретімен орналастыра отырып, салмағы бойынша анықтауды, заттың салмағы оның көлеміне байланысты емес екендігін білуді.

«Қызызықты математика» вариативті компонент бойынша перспективалық жоспар.

2021-2022 ші оқу жылы. Мектепалды даярлық тобы

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілдер	Көрнекіліктер
Қыркүйек I- апта	«Бұл қай кезде болады?»	Тәулік мезгілін және оның атауларын ажыратып, айта білуге үйрету. Суреттегі іс-әрекетті тәулік мезгілімен сәйкестендіру арқылы тәллік мезгілдері туралы білімді меңгерту.	1. Кіріспе сұрақтар қою.(балабақшаға қай уақытта келесіндер .тб) 2.Тәулік мезгілдерінің суреті бойынша ,іс-әрекеттерді сәйкестендіру 3. Дәптермен жұмыс	Тәулік мезгілдерінің суреттері, Әр түрлі іс-әрекет бейнеленген суреттер, Жұмыс дәптері (1)
Қыркүйек II- апта	«Апта күндері»	Апта күндерін ретімен айта білуге үйрету. Апта күндерін есте сақтау.	1. Апта күндерімен таныстыру. 2. Д\о «Апта күндері» 3. Д\о «Аптаның қай күні жетіспейді?»	Апта күндерінің санына сәйкес оюлар салынған корона
Қыркүйек III- апта	«Ұзын-қысқа», «Биік-аласа», «Ауыр- жеңіл»	«Ұзын-қысқа», «биік-аласа», «Ауыр-жеңіл» ұғымдарын ажырата білуге үйрету	1.Мысалдар келтіре отырып сұрақтар қою. 2. Дәптермен жұмыс	Ұзын-қысқа карандаштар, ауыр-жеңіл ойыншықтар, Жұмыс дәптері (2)
Қыркүйек IV- апта	«Баяу»- «жылдам», «жәй»ақырын)- тез»	«Баяу»-«жылдам», «жәй»- «тез» ұғымдарымен таныстыру. Олардың синоним сөздерін айта білуге үйрету.(шапшаң, тез, жылдам, ақырын, баяу, жәй)	1.Сұрақ-жауап, 2.Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (3)

Қазан I- апта	. Дөңгелек шарлар қайсысында көбірек? .Қандай фигураларды білесің? Суретін сал	Балаларды санауға үйрету және геометриялық фигураларды ажыратып, суретін сала білуге үйрету.	1. Геометриялық пішіндер туралы жұмбақтар жасыру. 2.Жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындау.	Жұмыс дәптері (4)
Қазан II- апта	«Зейінді бол!»	Балаларды қағаз бетінде және парта үстінде кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Геометриялық фигуралар туралы білімдерін жетілдіру.	1. Д\о «Қай қолымда?» 2.Геометриялық фигураларды парта үстінде айтқан жерге орналастыру. 3. Жұмыс дәптеріндегі тапсырманы орындау.	Үлестірмелі геометриялық пішіндер, Жұмыс дәптері (5)
Қазан III- апта	« Таяқшалардан пішіндер құрастыр!»	Балаларды таяқшаларды санай отырып, геометриялық фигуралар құрастыра білуге үйрету. Логикалық ойлауын, байқампаздығын дамыту. Тор көздерді санай отырып, қағаз бетіне сызу, жазу дағдыларын жетілдіру.	1.Таяқшалардан геометриялық пішіндер құрастыру. 2. Дәптермен жұмыс	Таяқшалар, Жұмыс дәптері. (6-бет)
Қазан IV- апта	Д\о «Өсуіне қарай орналастыр!»	Балалардың жалпы өсу туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттарды өсуіне және кемуіне қарай орналастыра білуге үйрету. Зейінді болуға тәрбиелеу.	1. Гүлдің өсуін ретімен қосып көрсету, түсіндіру. 2. Адамның өсуін ретімен қосып көрсету. 3. Үлестірмелі материалмен жұмыс.»Өсуіне қарай және кемуіне қарай орналастыр!»	Жұмыс дәптері 6- бет, Ойынға арналған үлестірмелі құралдар.

Қараша I- апта	«Үшбұрыш», «Шаршы», «Дөңгелек», «Тіктөртбұрыш»	Балаларды геометриялық фигураларды ажырата білуге және оларға анықтама бере білуге үйрету. Ойлауын, зейінін дамыту. Тапсырманы мұқият, таза орындауға тәрбиелеу.	1. Геометриялық фигуралармен жан- жақты таныстыру. 2. Дәптермен жұмыс.	Геометриялық фигуралар. Жұмыс дәптері (8-9)
Қараша II- апта	«Алды»,» Арты», «Асты», «Үсті», «Іші», «Сырты»	Балаларды заттардың кеңістіктегі орнын ажыратып, сөзбен айта білуге үйрету.	1. Дәптермен жұмыс. 2. Д\о «Айтқан бағытта орналастыр!»	Жұмыс дәптері (10)
Қараша III- апта	«1» сандардың патшасы»	1- жалғыз, тұңғыш,біреу, бірінші, алғашқы ұғымдары туралы түсінік беру. Заттарды бір-бірлеп, есту арқылы және сурет бойынша санауға болатынын түсіндіру. Логикалық ойлана отырып, дұрыс санауға дағдыландыру	1. Кіріспе әңгіме, 2.Дәптермен жұмыс 3. «Ойлан, тап!»	Жұмыс дәптері (11- 12)
Қараша IV- апта	«Кел санайық!»	Балалардың санау машықтарын жетілдіру. «Барлығы» сөзін пайдалана отырып, санауға үйрету. Суреттегі бейнені санап, жазуға жаттықтыру	1.Санау түрлері туралы түсіндірме. 2. Дәптермен жұмыс. 3.Ойын- тапсырма «Нешеу екенін анықтап жаз!»	Жұмыс дәптері (13) Үлестірмелі суреттер, фломастер

Желтоқсан I- апта	«Жолаушыларды өз вагондарына баруына көмектес!»	Цифрларды ажырата білуге үйретуді жалғастыру.	Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері- (14)
Желтоқсан II- апта	«Жетіспей тұрған фигураның суретін сал!» «Шаршыны өзің құрастырып толтыр!»	Суретке қарап заңдылықты сақтай отырып, жоқ бейнені салуға және үлгіге қарап, заңдылықтарды сақтай отырып, суреттерді салуды үйрету. Балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту.	Тапсырманы мұқият таныстыру. Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (15)
Желтоқсан III- апта	«Шартта көрсетілген сандар арқылы фигураларды орналастыр!»	Таблицамен таныстыру. Тапсырманы мұқият, таза орындауға дағдыландыру. Балалардың байқампаздығын дамыту.	1. Таблица түрлерімен таныстыру, 2. Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (16)
Желтоқсан IV- апта	«Шартты белгі бойынша үлкен-кіші фигураларды өз орнына орналастыр!» «Бағыттауышты сәйкес түспен боя!»	Балаларды шартты белгімен және бағыттауыш сызықтармен таныстыру. Көлемді ажыратып, тиісті орнын табуды үйрету. Соған байланысты «оңға», «солға», «жоғары», «төмен» бағытты ажырата білуге үйрету. Ойлауын дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.	1. Шартты белгілермен және бағыттауышпен таныстыру. 2. Дәптермен жұмыс.	Жұмыс дәптері (17)

Қаңтар I- апта	«Азайту амалы және белгісі»	Балаларға азайту амалы туралы түсінік беру. «-» белгісімен таныстыру Суретке қарап есеп шығара білуге үйрету. Ойлау қабілетін дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу	1.Алу амалына байланысты жұмбақ есептер жасыру. 2. «-» белгісімен таныстыру. 3. Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (18)
Қаңтар II- апта	«Азайту амалын орында!»	Санай отырып азайту және цифрлар бойынша азайту амалын орындауды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Қызығушылыққа тәрбиелеу.	Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (19)
Қаңтар III- апта	«Қосу амалы және белгісі»	Санай отырып қосу және цифрлар бойынша қосу амалын орындауды үйрету. Ойлау қабілеттерін дамыту. Қызығушылыққа тәрбиелеу.	1. Қосу амалына байланысты ауызша жұмбақ есептер жасыру. 2. «+» белгісімен таныстыру. 3. Дәптермен жұмыс.	Жұмыс дәптері(20)
Қаңтар IV- апта	Д\о «Қанқызды өз гүліне орналастыр!»	Заттың саны мен цифрды сәйкестендіре білуге үйрету.	1.Сурттер бойынша санап, тиісті санды қоюды үйрету. 2. Д\о «Қанқызды өз гүліне орналастыр!»	Тақта,бор, Үлестірмелі материалдар

Ақпан I- апта	«Аңларға жеміс-жидектерді үлестіруге көмектес!»	Балаларға қосу, алу амалдарын үйретуді жалғастыру. Байқампаздыққа және зейінді болуға тәрбиелеу.	Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (21)
Ақпан II- апта	«Күшікке тапсырманы орындауға көмектес!»	Заттарды санай білуге және санау нәтижесін цифрмен белгілеуге үйрету. Геометриялық фигураларды меңгерту. Ұқыпты бояуға дағдыландыру.	Дәптермен жұмыс.	Жұмыс дәптері (22)
Ақпан III- апта	« < », « > », « = » белгілері. «Сәйкес түспен боя!»	Балаларды «аз», «көп», «тең» ұғымдарымен және белгілерімен таныстыру. Тиісті орынға осы белгілерді қоюға үйрету. Қосу, алу машықтарын жетілдіру.	1. Белгілермен таныстыру(тақтаға жазу) 2. Дәптермен жұмыс.	Жұмыс дәптері(23)
Ақпан IV- апта	«Кеңістікті бағдарлай білейік»	Балаларға кеңістікті бағдарлауды үйрету. Тапсырманы мұқият орынлауға дағдыландыру. Қағаз бетінде көрсетілген бағытта жүруге үйрету.	1. Оң және сол қолдарына қарай кеңістікті анықтау. 2. Дәптермен жұмыс.	Жұмыс дәптері (24)

Наурыз I- апта	«Көліктерді тұрағына дұрыс орналастыр» «Терезелерге қажетті таңбаларды қойып шық»	Санау және сәйкестендіруге үйретуді жалғастыру. Сандарды салыстыру , қосып-алу машықтарын жетілдіру.Көп, аз, тең таңбаларын тиісті орынға қоя білуге үйрету.	Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (25)
Наурыз II- апта	«Суретті тиісті түспен боя» «Бізді кішкентай адамдар қарсы алуда. Жеіспей тұрған адамдардың суретін сал»	Қосып, алу амалдарын орындау білімдерін дамыту. Суреттегі заңдылықтарды түсініп, жетіспей тұрған адамның суретін схема түрінде сала білуге үйрету.	Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (26)
Наурыз III- апта	«Араларға бал жинауға көмектес»	Қосу, алу амалдарын орындау білімдерін дамыту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Зейінді болуға тәрбиелеу	Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері
Наурыз IV- апта	«Әдемі өрнек шықты»	Балаларды қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай білуге үйретуді жалғастыру. Графикалық диктант жазу арқылы меңгерту.	Дәптермен жұмыс	Ақ қағаз, қарындаш (әр балаға)

Сәуір I- апта	Д\о «Тиісті пішінді орналастыр»	Геометриялық фигураларды ажырата білуге үйретуді жалғастыру. Заңдылықты сақтай отырып, байқампаздыққа тәрбиелеу. Білімдерін меңгерту.	1. Д\о «Не өзгерді?» (жоқ пішінді табу) 2.Үлестірмелі материалмен жұмыс.	Геометриялық фигуралар, үлестірмелі материалдар.
Сәуір II- апта	Д\о «Аңдарға өз үйін табуға көмектес»	Баларды санауға үйрету және қисынды ойлауын дамыту.	1.Көп қабатты үй суретін көрсетіп, нешінші қатар, пәтер екенін анықтау. 2.Ойынды ұйымдастыру.	Үй макеті, ұсақ аңдардың суреттері.
Сәуір III- апта	«Таблицада қай сан жоқ?	Таблицамен жұмыс жасауға үйрету. Сандар қатарын дұрыс анықтауларын меңгерту.	Ойын- тапсырманы ұйымдастыру.	Таблица, Цифрлар
Сәуір IV- апта	«Санларды ретімен қос», «Балықты тиісті түспен боя!»	Цифрларды ретімен қосуды меңгерту. Балалардың логикалық ойлауын дамыту, қосу, алу амалдарын меңгерту.	Дәптермен жұмыс	Жұмыс дәптері (28)

Мамыр I- апта	«Геометриялық фигуралар және олардың көлемі»	Геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. Байқампаздықтарын дамыту. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1. Сұрақ-жауап. 2. Дәптермен жұмыс.	Геометриялық фигуралар, жұмыс дәптері (29)
Мамыр II- апта	«Сиқырлы көзәйнек»	Геометриялық денелерді ажырата білуге, атауларын шатастырмай атауға үйрету. Айналадан геометриялық денелерге ұқсас заттарды тапқыза отырып, білімдерін меңгерту.	1.Д\ о «Сиқырлы көзәйнек» 2. Ойын-тапсырмап «Неге ұқсайды?»	Көзәйнектер, геометриялық денелер, үлестірмелі материалдар
Мамыр III- апта	Д\ о «Бір –де-бір» Д\о «Өз орныңды тап!»	10 көлеміндегі сандар туралы білімдерін жетілдіру. Сандардың қатардағы орнын таба отырып, білімдерін меңгерту.	1. Д\о «Бір-де-бір» 2. Д\о «Өз орныңды тап!»	1- ден 10- ға дейінгі цифрлар «Балдырғандарға арналған ҚМ»(-19)
Мамыр IV- апта	«Көңілді тапқыштар клубы» (қорытынды сабақ)	Балалардың қызықты математикадан жыл бойғы алған білімдерін меңгерту, қорытындылау	1.Шаттық шеңбері 2.Сұрақ-жауап, 3.Командалық жарыс 4.Жеңімпаз топты анықтау	Ойын тапсырмалар, Үлестірмелі материалдар.

